

Алматы және Қарағанды маргарин зауыттарын жеке жоба бойынша жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 5 қаңтардағы N 25

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алматы және Қарағанды маргарин зауыттары үшін инвесторлар таңдау мақсатымен конкурс өткізудің тәртібі мен шарттарын реттейтін, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 9 қыркүйектегі N 388 өкіміне сәйкес жекешелендіру комиссиясы әзірлеген құжаттар тұтасымен мақұлданын. Конкурстың негізгі шарттары:

Алматы және Қарағанды маргарин зауыттарын акционерлік қоғамдар етіп қайта құру;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің бастапқыда инвесторға фабрика акцияларының 49 процентін сатуы;

әрбір зауыт бойынша акциялардың жалпы санының 10 проценті болатын атаулы артықшылықты тегін акциялардың шығарылуы мен зауыттардың бұрынғы және қазіргі қызметкерлеріне берілуін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің қамтамасыз етуі;

акциялардың бастапқы 49 проценті сатылған күннен бастап бес жыл бойы әрбір зауыт бойынша "Алтын акцияның" Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінде сақталуы;

акциялардың бастапқы 49 процентін сату-сатып алу туралы шарт жасасылғаннан кейін бір жыл ішінде зауыттар акцияларының қалған бөлігін сол инвесторларға сату мүмкіндігі.

2. Жекешелендіруден кейін:

екі зауыт та дәмді тағам өнеркәсібінің өнімі үшін белгіленген рентабельділіктің ең жоғары деңгейінен, еркін баға мен тарифтер декларациялаудан, мемлекеттік тапсырысты орындау жөніндегі міндеттемелерден, сондай-ақ өнім шығару үшін сатып алынатын шикізат көлеміне Қазақстан Республикасы шебінде қойылатын шектеулерден босатылады.

зауыттарға қазіргі кезде орналасқан жер учаскелерін шаруашылық қызметін жүзеге асыратын бүкіл кезеңге жалдау құқы беріледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 24 маусымдағы N 249 Жарлығының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "3. "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясы шикізатты алғаннан кейін бір жыл ішінде (тағамдық саломас

және темекі материалдары) өтелуін қамтамасыз етсін". <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.09.

N 1272 қаулысымен. P951272_

4. "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясы, Алматы және Қарағанды маргарин зауыттары "Қазтамақөншикізат" республикалық сыртқыэкономикалық бірлестігі мен Алматы және Қарағанды маргарин зауыты арасында 1993 жылғы 15 қарашада жасасылған саломас жеткізу

жөніндегі N 9 және 10 контрактыларға осы зауыттарды аталған контрактылар бойынша қаржы міндеттемесі мен басқа да міндеттемелерден босату үшін қажетті өзгерістер енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі